

«Ембі қаласының мектеп жаындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ-нің  
2023-2024 оқу жылындағы ұйымдастырушы- педагогтың  
жүргізілген жұмысы туралы  
Мәлімет

2023-2024 оқу жылының тамыз айында ұйымдастырушы- педагогтың жұмыс жоспары құрылып,  
мектеп директорымен бекітілді.



Ұйымдастырушы- педагогтың 2023-2024 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес мектебімізде 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиынымыздың мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру. Салтанатты жиында мемлекеттік туды кіргізіп, Әнұранымыз шырқалып, мерекелік шараны салтанатты түрде ашу үшін алғашқы сөз кезегі мектеп директоры Достанова Асель Жангелдіқызына берілді. Шара барысында 3 құндылықтар туралы түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді. Алғашқы қоңырау соғылып, келген қонақтарымызға құттықтау сөзі берілді.



[https://www.instagram.com/reel/Cwp7i5Pg-eo/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/Cwp7i5Pg-eo/?utm_source=ig_web_copy_link)

Мектебімізде 5-11 сыныптар арасында «Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығы елге үлгі» тақырыбында 8 сынып оқушыларына А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы кезбе сұхбат өткізілді. Мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағұлмат беру;

Ақын өмірін оқушыларға үлге ете отырып, өз елін сүйе, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу; Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту. Сұхбат барысында оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін оқып, өмір баянымен таныс болды.



Отбасы – адам баласының алтын дiңгегi. Өйткенi адам ең алғаш шыр етiп дүниеге келген сәтiнен бастап, осында ер жетiп, отбасының тәрбиесiн алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажеттi, әрi қасиеттi алтын мектебi.

Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2017 жылдың 31 қазандағы №689 қаулысымен бекiтiлген мерекелiк күндердiң тiзбесiне енгiзiлген отбасы күнiне орай және «Мұғалжар аудандық бiлiм бөлiмiнiң» 2023 жылдың 04 қыркүйек күнi №1642 шығыс хаты негiзiнде өзiн – өзi басқару ұйымының оқушылары «Өнегелi отбасы – қоғам байлығы» тақырыбында мектеп ұстаздары мен оқушыларына сауалнама жүргiздi. Сауалнама барысында отбасылық құндылықтар жөнiнде сұрақтар қойылды.





2023-2024 оқу жылындағы ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес қаңтар айында «Жүректен жүрекке» қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Өзін-өзі басқару ұйымының қыз балалары мектеп асханасындағы апайларға көмек беру мақсатында мектеп асханасына барып қауіпсіздік ережелермен танысып, санитарлық талаптарға сәйкес шаштарына орамал тағып, халат киіп, қолдарын жуып асханаға бет алды. Алдымен, ыстық тамақ ішетін 1-4 сынып оқушыларының тамақтанатын орындарын жақысылап сүртіп, ыдыстарды орындарға орналастырды. Асханадағы апайлар дайындаған ыстық тағамдарды ыдыстарғы салып берсе, көмекке барған қыз балалар тағамдарды тасып беріп отырды. Оқушыларды орындарына жайғастырып, оларға да керемет көңіл күй сыйлады. Тамақтанып болғаннан кейін ыдыстарды жуатын бөлмеге тасып беріп, ыдыс жуатын апайға да көмек берді. Асханадағы апайларымыз көмек берген оқушыларға алғысын білдіріп, батасын берді.



[https://www.instagram.com/reel/C2xfvqpopVx/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C2xfvqpopVx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарын сәйкес Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай мектебімізде «Ауғанның отты жалыны» атты шарасы ұйымдастырылды. Шарада алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Демесінов Ержан Орманұлы 10-11 сынып ер балаларына Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беріп, қаламыздағы Ауған соғысынң ардагерлерімен таныстырды. Шара барысында Ержан Орманұлы оқушылар арасында жас сарбаздар сайысын өткізді. Оқушылар «Мылтық шашып жинау», «Оқжатар», «Мергендер сайысы» бөлімдері бойынша сайысты.



Сайыс соңында жеңімпаздар анықталып, марапатталды.

[https://www.instagram.com/reel/C3ZcGbGovSC/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C3ZcGbGovSC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

A=

2024 жылдың 01 наурыз күні «1 наурыз – Алғыс айту» күні мерекесіне орай өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары мектебіміздің кіші қызметкерлерін мерекемен құттықтап, мерекелік кеш ұйымдастырды. Мектеп директоры Достанова Асел Жангелдіқызы қызметкерлерді мектеп ұжымы атынан алғыс хатпен марапаттады. Мерекелік кеште оқушылар ән айтып, би билеп, аға-апайлармен ойын ойнап, сыйлықтар табыстады. Мектеп қызметкерлері өздерінің керемет сезімдерімен бөлісіп, оқушыларға алғыстарын айтып, үлкен апаларымыз батасын берді.





[https://www.instagram.com/reel/CyKuQTwox0v/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=](https://www.instagram.com/reel/CyKuQTwox0v/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=)

[https://www.instagram.com/reel/Cx5afTrI\\_K\\_/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=](https://www.instagram.com/reel/Cx5afTrI_K_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=)

[https://www.instagram.com/reel/CyBFx6eIUBu/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=](https://www.instagram.com/reel/CyBFx6eIUBu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=)

5 қазан – Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында мектебімізде «Ұстаз – ұлық емес, ұлы есім» атты мерекелік шара өткізілді. Мерекелік шарада мектеп мұғалімдері, тәрбиешілер және кіші қызметкерлер мектеп директорының Алғыс хатымен марапатталды. Мерекелік концертте оқушылар ән айтып, би билеп, көріністер қойып, мұғалімдер арасында көңілді ойындар ойната білді.



[https://www.instagram.com/reel/CyK6zghgIUY/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=](https://www.instagram.com/reel/CyK6zghgIUY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=)

Ұстаздар күніне орай өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары мектеп ұстаздарына алғыс айтып, көңіл күйлерін көтеріп, жылы лебіздердерімен құттықтау білдірді.



«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ-нің жаңа Ұланбасы анықталды. Өзің-өзі басқару ұйымының жұмысын жан-жақты жүргізу, қоғамдағы балалар ұйымының рөлін арттыру, мектептегі оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында мектебімізде сайлау өткізілді. Мектеп ұланбасы болуға 9-10 сынып оқушылары ішінен 4 оқушы өз өтініштерін тапсырды, өтініштері қанағаттандырылып, бағдарламалары әзірленді. Олар: Утемисова Сабина -9 «А»сынып, Жылкешев Данияр - 9 «Б»сынып, Абдығалимов Алихан - 10«А»сынып, Келимбердина Гүлназ - 10«Б»сынып оқушылары.

Сайлау мектеп мұғалімдерімен қатар 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен таңғы 9.00 –ден 16.00-ге дейін жабық дауыс беру түрде өтті. Сайлау комиссиясы 4 адамнан құралды. Олар мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Д.Қ.Дүйсенғалиева, мектеп психологі – Л.А.Саукебаева, ҚББП – М.С. Қаржаубай, тәлімгер – А.Е.Тажимаева және хатшы - А.С.Қалиева. Сайлау нәтижесі бойынша Мектептің Ұланбасы болып 48 дауыс жинап Келимбердина Гүлназ тағайындалды. 47 дауыс жинап Абдығалимов Алихан «Жас тәртіп сақшылары» ұйымының жетекшісі болып тағайындалды. Утемисова Сабина 43 дауыс жинап Ұланбасының орынбасары болып тағайындалды. Ұланбасы және Жас Ұлан ұйымының мүшелерін құттықтай отырып, алдағы атқаратын жұмыстарын сәттілік тілейміз!



құрамасының ойыншылары Хамзатұлы Ади, Саламатов Әсет және Балтабай Серікболат әділ - қазылар құрамында болды.

«Jai Battle» ойынында командалар «Сәлемдесу», «Биатлон», «Үй тапсырмасы» шарттары бойынша өнерлерін көрсетті. Ойын алдында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дүйсенғалиева Т.Қ. сөз сөйлеп, жайдарманшыларға сәттілік тіледі. Жалпы сайыс жеңіл, еркін түрде өтті деуге болады. Қатысушыларға уақыт жағынан да, тақырып бойынша да нақты шектеу қойылмады. Қамтылған тақырыптар да сан алуан. Ойын барысында сахнаға алғаш рет шыққан 8 сынып оқушылары осал емес екендерін байқатты. Әсіресе, «Сәлемдесу» және «Көріністе» жақсы көріне білді. Десе де, ойын соңында командалардың ұпайы тең болып, әділ – қазылардың шешімімен үлкен кубок «Гүлжанның балалары» құрамасына бұйырды. 10 сынып оқушысы Нағашыбай Рамазанды қазылар алқасы «Үздік ойыншы» деп танып, арнайы жүлдемен марапаттады. Мектеп оқушыларының қызығушылығына бөленіп, сайыстың төресі болып тұрған «Жайдарман» ойынын тек қана әзіл сайыс, қуақы қалжың емес, жастармен байланыстыратын, олардың мұқтажы мен өресін анықтайтын алаң болып табылды.



[https://www.instagram.com/reel/C0CYFP6o8kz/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C0CYFP6o8kz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

Қараша айында Ембі қалалық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткізілген «Күз Ханзадасы мен Ханшайымы» сайысы өткізілді. Сайысқа қаламыздағы №1,2,4 ЖББОМ-ның 9 - 10 сынып оқушылары, Ембі қызмет көрсету саласы колледжінен және Құмсай ауылдық клубынан 6 жұп қатысты. Байқауға қатысушылар 5 кезең бойынша өнер көрсетті. Біздің мектебімізден 10 сынып оқушысы Ибат Нұрсаят және 9 сынып оқушысы Утемисова Сабина сайысқа қатысып, жүлделі ІІ – орынға ие болып, Ибат Нұрсаят «Күз Ханзадасы - 2023» атағын жеңіп алды.



[https://www.instagram.com/reel/CzeTBmVIqh/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/CzeTBmVIqh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

«Жас тәртіп сақшылары» ұйымының жоспарына сәйкес желтоқсан айында мектеп психологі Саукебаева Л.А, әлеуметтік педагог Куанышева Ж.З. бірлескен жұмыс жоспары негізінде «Буллингке қарсымыз!» акциясының іс-шаралар жоспары құрылды. Мақсаты: мектепте жасөспірімдердің арасында кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг, кибербуллинг туралы ақпаратты кеңейту.

Жоспарға сәйкес «Жас тәртіп сақшылары» ұйымының ұйымдастыруымен «Мектептегі буллинг» тақырыбында бейнеролик түсірілді. Бейнероликте сыныпқа жаңадан келген оқушыны шектету, қатарға қоспау көрінісі орын алады. Бұл бейнеролик арқылы оқушылар үйде, мектепте, кез-келген қоғамдық жерде буллингке ұшырауы мүмкін екендігі және бұндай жағдай болған кезде үнсіз қалмау керектігі ескертілді.



ғұрпын жаңғырта отырып еске түсіру және оқушыларды елін сүйуге, дәстүрлі мерекелерді құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында «Наурызнама» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды. Іс – шара барысында әр класс ауыл-ауылға бөлініп, ұлттық тағамдарымыздан дастархан жайып, ұлтымыздың салт-дәстүрлерінен көріністер қойып, өнерлерін көрсетті. Тәрбие сағаттарына арнайы қонақтар мен комиссия мүшелері қатысып, берілген критерийлер бойынша бағалады. Наурыз сонында барлық сыныптар мен интернат тәрбиеленушілері марапатталды.

Өзін-өзі басқару ұйымның жетекшісі А.Е.Тажибаеваның және мектеп президенті Келимбердина Г.Н. ұйымдастыруымен мектебімізде бұл мейрамда тәрбие сағаттары өткізіліп, қазақтың ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлерінен қойылымдар көрсетіліп, ұлттық ойындарымыздан «Қол күрес», «Арқан тартыс», «Бес асық», «Ләңгі тебу» сынды түрлі ойындар ойнатылып, оқушылар марапатталды.



[https://www.instagram.com/reel/C4u8msXotWQ/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZ](https://www.instagram.com/reel/C4u8msXotWQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZ)  
A==

Тәрбие бөлімінің жоспарына сәйкес құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушылардың уақытты тиімді пайдалану мақсатында мектебімізде “ЕГІЗ-ЛЕБІЗ” командалық сайысы өтті. Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары сайыстың шарттарын құрастырып, Сайлаубай Саян мен Алмағамбет Қарақат сайыстың жүргізушілері болды. Сайыс нәтижесінде бас жүлде 9”а” сыныбына, 1 орын 10 «а» сыныбына, 2 орын 10 «б» сыныбына, 3 орын 9 «б» сыныбының қанжығасына түсті.



[https://www.instagram.com/reel/C6O8NMLoiew/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZ](https://www.instagram.com/reel/C6O8NMLoiew/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZ)  
A==

Қазіргі еккен тал-шыбық, ертең жапырағы жайқалған ағаш, одан әрі көрікті орман болатыны белгілі. Осыдан бірнеше жыл өткен соң бұл ағаштардың саясын немере-шөберелеріміз көреді. Дана қазақ «Атадан мал қалғанша, тал қалсын», деп ағаштың адамзатқа берер пайдасын ерекше атап өткен. «Мамыр – Ынтымақ айы» айлығының жоспарына сәйкес экологиялық акциясын қолдау мақсатында және мектепшілік «Түлектер жобасы» аясында «тал егу-игі іс» челленджі өткізілді.

Жобаның мақсаты: жыл сайын мектеп бітіруші 4,9,11 класс оқушыларын қатыстыра отырып, мектеп ауласына тал егуді дәстүрге айналдыру; Мектеп ауласын көркейту, көгалдандыру, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға үйретумен қатар, оқушыларды еңбекке баулу.

Жобаның шарттары: жобаға жеке оқушылардан немесе класстардан тал қабылданады, қабылданатын талдар жеміс ағаштары болмауы керек;

Жоба барысында оқушылар мен ата-аналар мектеп әкімшілігі белгіленген аймаққа әкелген талдарын егеді, өз қолтаңбаларын қалдырады.

2023-2024 оқу жылында да жыл сайынғы дәстүр бойынша түлектер мектеп интернатының ауласына қарағай, қайың талдарын отырғызды.



[https://www.instagram.com/reel/C6noIzIAmye/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C6noIzIAmye/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)  
A==





[https://www.instagram.com/reel/C1FN248I0Ez/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C1FN248I0Ez/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай, Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасуы, оның тарихына шолу жасау, оқушыларды отан сүйгіштік пен патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында мектебімізде МАД, ШО, 1-4 кластар арасында сурет және қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.



[https://www.instagram.com/reel/C07GpC5I4Hb/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C07GpC5I4Hb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар № 7 ЖББО мектебінде 2023-2024 оқу жылында Жаңа жыл мерекесіне орай МАД, ШО, 1-7 сыныптар аралығында «Төрле,Төрле Жаңа жыл» мерекелік ертеңгіліктер өткізілді. Оқушыларды мектеп директоры Әсел Жангелдіқызы құттықтады. Іс-шара жоғары деңгейде өтіліп, бастауыш сынып ата-аналары белсенді қатысты. Мектеп парламентінің оқушылары түрлі кейіпкерлермен ертеңгіліктерге қатысты. Балалар жаңа жылда түрлі ертегі кейіпкерлерімен жүздесіп, ән шырқап, би биледі. Өнрлерін көрсетіп, жыр -шашуларын тарту етті. 8-11 сынып оқушылары арасында мерекелік кеш «Бал маскарад» форматында жалғасын тапты.

29 желтоқсан күні мектеп директоры Әсел Жангелдіқызы бастаған мектеп әкімшілігі көп балалы отбасы балаларына, аз қамтылған отбасы балалары және облыстық байқаулардан жүлделі орындар алып жүрген дарынды балалардың үйлерін аралап, сыйлықтарды табыстады.

[https://www.instagram.com/reel/C1ScC3wIofg/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C1ScC3wIofg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)



Ай сайын өзін-өзі басқару ұйымының президенті және көмекшілері мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес аға тәлімгер А.Е.Тажимаевамен бірге оқушылардың күнделігін тексеру жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар апта сайын «Жас тәртіп сақшылары» ұйымының жетекшісі, мектеп инспекторы Р.Ермекова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Қ.Дүйсенғалиева мектепке әкелуге тиым салынған заттады тексеру үшін рейд жұмыстары жүргізіледі.





[https://www.instagram.com/reel/C3-PGG8I6M-/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/C3-PGG8I6M-/?utm_source=ig_web_copy_link)

«Алғыс айту күні» мерекесінің мақсаты – ортақ тарих негізінде қазақтардың және барлық этностардың бір-бірін қолдауы арқылы бірге өткерген қиыншылықтарды ұмытпау негізінде көпұлтты Қазақстанның бірлігін сақтау және дамыту болып табылады. Бүгінгі таңда бұл мереке барлық қазақстандықтар үшін қайырымдылықтың, достық пен бірліктің жарқын үлгісі, ел азаматтарының ынтымағын арттыруға ықпал ететін мереке. Осы орайда ағымдағы жылдың 01 наурыз күні мектебіміздің оқушылары ұстаздарымызға өз алғыстарын айта отырып, мерекелік концерт ұйымдастырды. Концертте мектебіміздің ардақты да, аяулы ардагерлері мен Ембі қалалық №3 ЖББОМ, Ембі қалалық №2 ЖББОМ ардагерлер кеңесінің мүшелері арнайы қонаққа шақырылды. Мектеп директоры Асел Жангелдіқызы мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Келген қонақтарымыз мерекелік бағдарламаны тамашалап, оқушыларға ақ батасын берді.



[https://www.instagram.com/reel/C3-txxuoCS1/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C3-txxuoCS1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББО мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы жоспарға сәйкес «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шара.



[https://www.instagram.com/reel/C4Q7uQCIfwx/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/C4Q7uQCIfwx/?utm_source=ig_web_copy_link)

Мектебімізде 7 наурыз күні 11 сыныптар және өзін-өзі басқару ұйымының оқушыларының ұйымдастыруымен «Ана-өмірдің гүлі» атты мерекелік концерт өткізілді. Зал көктемгі көңіл-күй атмосферасына бөленіп, көрермендердің күлкісі мен қуанышына толды, олардың басым бөлігі мектебіміздің әйелдер қауымынан болды. «Ана» әнін шын жүректен және әсерлі орындаған балалар хорының қойылымы концерттік бағдарламаның сәнін келтірді. Мерекелік бағдарламада ана мен бала туралы қойылымдар қойылып, ән айтылып, би биленіп, Халықаралық әншілерге породиә жасалды. Концерт барысында мектеп директоры және кәсіподақ ұйымы бірқатар мектеп ұстаздарын мерекемен құттықтап, алғыс хаттар табыстады. Ұстаздар қауымы мектеп оқушыларына алғыстарын білдіріп, ақ баталарын берді.



[https://www.instagram.com/reel/C4VNOsYAs6Z/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C4VNOsYAs6Z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Мектебімізде 22- наурыз мекреkesі қарсанында оқушыларға Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлауы туралы толық мағлұмат беру, халқымыздың ұмытылып бара жатқан салт – дәстүрін, әдет –

[https://www.instagram.com/reel/C6n5JQAIE6T/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C6n5JQAIE6T/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай өзін-өзі басқару ұйымының қыз балалары мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында мектебіміздің ағайлары мен ер балаларын құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Мектепті мерекеге орай безендіріп, ашық хаттар таратты.



[https://www.instagram.com/reel/C6nb7HkoNRp/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C6nb7HkoNRp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

A

Орындаған: А.С.Қалиева